



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Дүниенің базарында арзан нарқым,
Нарқым арзан болса да, қымбат даңқым.
Дүниенің тіршілігінде қадырым жоқ,
Өлген соң әттеген-ай, дерсің халқым.

Расында ақын шығармаларының қай жолы, қай шумағы болсын қазақ халқының басынан кешірген тарихи оқиғалармен сабақтасып жатыр. Мәшһүр Жүсіп елдің басынан өткізген әрбір ауыртпалыққа болсын, шынайы бақытқа болсын имандылықтың себепші болатынын атап көрсетеді. Қазақ халқы қашанда барға қанағат ете білетін, жоққа сабырлық танытатын, жатса тұрса Алласын ауыздан тастамайтын әдетшіл халық. Ақын туындыларының да басты өзегі – ұлттық құндылықтардың сақталуы. Ұлттың тағдыры тұтас елдің тағдырымен теңдес, тамырлас. Әдеби мұраларымыздың әрқайсысының тақырыбы қазіргі заманмен сабақтас. Ұлттық жазба дәстүрімізді жоғалтпай оны алдыңғы ғасырларға да мұра болуы үшін әрбір ұрпақ жауапты болып қала бермек.

Мәшһүр шынында заманының заңғары болған тарихи тұлға. Шығармалары арқылы тұтас ұлттың тамырына нәр берді. Оны қазақ халқы қай дәуірде болсын мадақтап, ұлықтап өтері анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Мәшһүр Жүсіп Көпеев / Құрастырушылар: С.Е. Нұрмұратов, Б.М. Сатершинов, А.Д. Шағырбаев. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. – 359 б.
2. Көпейұлы М.Ж. Көптомдық шығармалары. 1-том. – Алматы, «Алаш», 2003. – 504 б.
3. Көпейұлы М.Ж. Көптомдық шығармалары. 2-том. – Алматы, «Алаш», 2003. – 432 б.

ӘОЖ 821.512.122

ҚАЗІРГІ ПРОЗАДАҒЫ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР (С.Сағынтай әңгімелері негізінде)

Бибіт Ақыл Қайратқызы

akyl_bibit@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, филология факультеті,
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 4 курс студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – С.Айтуғанова

Көркем шығарма – белгілі бір тарихи шындыққа негізделген, қоғамның әлеуметтік мәселелері қозғалған немесе адамның түрлі мінез-құлқы, іс-әрекеті, психологиялық күй-жайы баяндалған авторлық туынды. Қазақ әдебиетінде, соның ішінде қазақ прозасында көптеген туындылар тарихи шындыққа негізделген. «Тарихи шындық дегеніміз – өмір шындығының тарихи тақырыпқа арналған шығармадағы көркемдік көрінісі. Тарихи шындыққа қоғамдық өмірдегі нақтылы құбылыстар, болған уақиғалар, өмір сүрген тұлғалар арқау болады»[1,319].

Тарихи шындық тарихи тақырыпта жазылған шығармаларда кездеседі. Онда тарихи тұлғалар, дәуір шындығы, әлеуметтік мәселелер қозғалады. Тарихи тақырыпта жазылған туындылар қатарына І.Есенберлиннің «Көшпенділері», М.Мағауиннің «Аласапыраны», Т.Ахтановтың «Қаһарлы күндері» жатады. М.Әуезовтің «Абай жолы», С.Мұқановтың «Аққан жұлдызы» - тарихи тұлғалар туралы шығармалар.

Қазақ әдебиетінде дәуір шындығын көрсету мақсатында жазылған шығармалар да аз емес. Соғыс кезеңін әдебиетке арқау еткен қазақ қаламгерлерінің қатарына Б.Момышұлы, Б.Бұлқышев, Ғ.Мүсірепов, Т.Ахтанов, Д.Исабеков жатады.

Қазіргі прозада тарихи шындық пен әлеуметтік мәселелерді шығармаларына арқау еткен,

кейіпкер мен сюжет жасауға шебер жас қаламгер – Серік Сағынтай. Жазушының «Қарға» жинағына «Жалмауыз», «Жарты қап кітап», «Қарға», «Аң», «Теңіз толқынындағы кафе» сияқты бірқатар әңгімелері енген. Жазушының бірқатар «Жалмауыз», «Жарты қап кітап» әңгімелерінде қазақ халқының басынан кешкен қиыншылықтары, өнер адамдарының ауыр тағдыры баяндалса, «Қарға», «Аң» шығармаларында жан-жануарлар мен адамдар қарым-қатынасы, адам-табиғат-қоғам үштігі көрсетіледі.

Сыншы С.Әшімбаев «Талғампаз оқушы халайық ерекше ықыласпен оқитын, қанша оқыса да жалықпайтын, ой дүниесін түлетіп жаңғыртатын романдардың «сиқырлы сыры» элеуметтік маңызы, халықтық мәні бар елеулі де еңселі мәселелерді қиюын тауып, қисынын келтіріп көтеруінде екен» [2, 68] дейді. С.Сағынтайдың тарихи тақырыпта жазылған «Жалмауыз» әңгімесінде 1930 жылы құрылған Қарағанды еңбекпен түзету лагері, ондағы тұтқындар мен қатыгез күзетшілер тағдыры туралы айтылады.

Әңгімеде халық жауы деп айыпталған Иманмұса Жантоқұлы мен Аврам Сенковскийдің Карлагта өткізген азапты күндері туралы баяндалады. Жазықсыз жала жабылған азаматтарға лагерде жаңа міндет жүктеледі. Ол – өлген адамдардың етін бөлшектеп, тұтқындарға тамақ әзірлеу. «Бір кісенге тізілген қос бейбақ сол күндерден бастап, мәйіт соятын қасапшыға айналды. Екеуі де апта бойы көнбей, таяқ астына алынып, ақыры аштықтан тұралап өлімші болғанда ауыздарына құйылған спирттен естері мәңгіп, шала піскен адам етін қарбыта асаған. Көзіне ібіліс елестеген еді қазақтың, жөйттің жүрегіне шайтан ұя салған. Анығы – екеуінің де естері ауысып кеткен-тұғын.» [3,45] деген жолдардан екі тұтқынның абақтыдағы ауыр күндерін аңғаруға болады.

«Жалмауыздың» кейіпкерлері әрекет үстінде ашылады, диалог арқылы танылады. Әңгіме тақырыбы – аштық, қуғын-сүргін.

Серік Сағынтайдың «Жарты қап кітап» туындысында халыққа танылмаған талантты өнер адамдары туралы айтылады. Шығарманы басты кейіпкерлері – халық көп біле бермейтін ақын мен сазгер, тақырыбы – өнер тақырыбы. Оқиға Қарағанды қаласында өтеді.

Әңгіме эпикалық баяндау мен диалогтан тұрады. Автор кейіпкерлердің тағдырларын, азапты жолдарын, ішкі толғаныстарын баяндайды. Шығарманың «Жарты қап кітап» аталу себебі ақынның жанынан тастамайтын, көбісіне таныс емес жарты қап кітабы бар.

Шығарманың шарықтау шегі станцалық ақын мен қалада тұрса да бағы жанбаған сазгердің таныстығынан өрбиді. Қаламгер мұны былай суреттейді: «Ақын... Сазгер... Ақын... Сазгер... Ақын жырын сағыныпты. Сазгер де қақпағы әлдеқашан құлыпталып қалған сырсандығының қиюы кеткен тұсынан себезгілеп шашыраған шуақ-саздары жанарынан үшқындап, бір жасап отырды.» [3,138]

Шығарманың басты кейіпкері – ақын. Ол көптеген кітаптың авторы, Сібірге жеті жылға айдалып, елге қайтқан соң Н станцасында тұрақтап қалады. Белгілі бір себептермен оқиға өтетін Қарағанды қаласына келіп, сазгермен танысады. Ал сазгер әйелі, бала-шағасы жоқ, өнерде бағы жанбаған адам. Әңгімеде оқырманның назарын аударатын тағы бір кейіпкер – Граждан Шақшабаласы. Автор оны былай суреттейді: «Керуенсарайдан осы шаһарға ат шалдырған әр ақын, әншіні, күйшіні, жазу-сызуға ғапіл қатысы бар жанды қарсы алуға құштар Граждан Шақшабаласын көресіз» [3,133]. Граждан – адамдардан, әсіресе өнер адамдарынан қолынан келген көмегін аямайтын ақкөңіл жан. Автор шағын әңгімесінде оқырманын өнерді, шынайы талант иелерін құрметтеуге үндейді.

Серік Сағынтайдың «Қарға», «Аң» секілді шағын әңгімелерінде жан-жануар әлемі, адам-қоғам-табиғат арақатынасы сөз болады. Екі шығармада да адам қолынан қаза тапқан аң-құстар туралы айтылады. Академик Р.Нұрғали қазақ прозасындағы жан-жануарлар бейнесі туралы мынадай пікір шығарады: «Кейінгі жылдары қазақ әдебиетінде жануарлар тірлігін қаузаған шығармалардың көбеюі – өнердің даму процесінен туған заңды құбылыс. Себебі ықылым замандар бойы еркін сахара төсінде, табиғат аясында тірлік кешкен көне халықтың бүгінгі түлеу, қанат қағу кезеңінде өмір сүріп отырған суреткері өз елінің тұрмысындағы ашық бояу – айқын колоритті көрмесе, бейнелей алмаса, несіне жазушы атанбақ» [4, 147]. Расында, әдебиетте жан-жануарлар бейнесінің кездесуі адам мен табиғат

арасындағы байланысты, халқымыздың аң-құсқа деген ерекше құрметін аңғартады.

Қазақ әдебиетінде ертегілерден бастап, қазіргі кезең әдебиетіне дейін аң-құстарды бейнелеуде түлкіні – қу, бүркітті – қыран, қасқырды – аңқау деп көрсету қалыптасқан. Серік Сағынтай бұл дәстүрді жалғастырады.

Қазақ әдебиетінде жазушы Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» әңгімесінде адамдар мен көкжалдар, бала Құрмаш пен қасқырдың бөлтірігі Көксерек арасындағы махаббат пен жек көрушілік баяндалады. С.Сағынтайдың «Аң» әңгімесінде қаңғыған қасқыр адамдардан қатыгездік көріп, өртке оранып өледі. Қатыгез адамдар жанып жатқан қасқырды атып өлтіреді. Әңгімеде автор қасқырды суреттеуде натуралистік ерекшеліктерін айтпай, өртке оранғандағы азапты күйін көрсетеді. Оқырманға отқа жанып жатқан көкжал қасқыр бейнесін ұсынады. Шығармадағы бұл көрініс былай суреттеледі: «Ақсиган сары тістері сақ-сақ етіп, көмейден лықсыған ашу – ыза толы арылды қайрап, жанып, жонып, сүңгіше кезеп шығарғандай. Оң езуінен салақұлаш тілі, тілден шұбырған жын-құсық та қоса ақтарылған» [3, 54].

Әңгімеде адам мен қасқыр арасындағы жауыздық пен қатыгездік баяндалады. Жазушы түркілердің киелі жануары саналған көк бөріге қатысты аңызды еске салады, оны киелі аңға балап, фольклорлық сарынды алға тартады. Автор әңгіме соңында оқырманын табиғатты аялауға, аң-құсты құрметтеуге шақырады.

С.Сағынтай «Қарға» әңгімесінде адамдардан жәбір көрген қарғалар тағдырын баяндайды. Шығарманың кейіпкерлері – егінші Жәке мен оның досы Қабыл егінге түскен қарғалар тобырын аяусыз өлтіреді. «Қарға» әңгімесінде автор шығарма басында қарғалар туралы шығармаларды, мақал-мәтелдерді, қанатты сөздерді еске түсіреді. «Қарға қарғаның көзін шұқымайды», «Қарға баласын аппағым дер», «Тозған қазды топтанған қарға алады» мақал-мәтелдері арқылы қарғаның қазақ өміріндегі орны, ерекшелігі айтылады. Шығарма соңында егіншінің баласы суға кетіп өледі.

Әдебиеттану терминдер сөздігінде ғалым З.Ахметов кейіпкерге мынадай анықтама береді: «Кейіпкер (персонаж) – көркем әдебиетте роман, повесть, әңгімеде, драмалық шығармаларда, поэмада бейнеленетін уақиғаға қатысушы. Романда, әсіресе, повесте кейде, өзгелерден көбірек, жан-жақты, толық суреттелетін басты кейіпкерлер болатыны байқалады» [1,174-175]. Жазушы Серік Сағынтайдың басты кейіпкерлері – өмірден өз орнын таппаған, талай қиыншылықтан өткен, тағдырдың тәлкегіне ұшыраған адамдар. Кейіпкерлері көбінесе, диалог арқылы, әрекет үстінде ашылады. Басты тақырыбы – аштық, соғыс, бейбітшілік, өнер тақырыбы.

С.Сағынтайдың «Аң» әңгімесінің кейіпкерлері – бейқам ауыл тұрғыны Шәкең, аң-құсты аямайтын, саятшылық құруға келген бай құда, кезінде көкпаршы, айдарлы балуан болған Жақай. Олардың мінездері әрекет үстінде ашылады. Шәкең – ақкөңіл, қаладан келген құдасын ренжітпеу үшін оның айтқанының бәрін орындайды. Ал, оның құдасы – озбыр, тәкәппар, қатыгез. Қаладан келген озбыр құданың бұйрығымен ауыл адамдары қасқырды өртейді, табиғат бөлшегін аяусыз жазалайды.

«Қарғадағы» кейіпкерлер де осыған ұқсас. Егінші Жәкең – өз кәсібінің жемісін көру үшін қолынан келгеннің бәрін істейтін жан, ал оның досы Қабыл – озбыр, қарғаларды өлтірудің небір әдістерін ойлап табады. Жазушы персонаждардың жан дүниесіндегі бір мезеттегі қарама-қарсы сезім күйлерін суреттеген. Егінші бір уақытта қарғаларды өлімге қимайды, сөйте тұра өз кәсібі үшін қарғаларды өлтіруге мәжбүр болады. Егіншінің баласы да дәл осындай күй кешеді. Бір жағынан қарғаларды өлімге қимай, жылайды. Алайда, үлкендердің бұйрығымен қарғаларды өлтіреді.

«Жалмауыздағы» кейіпкерлері – бір-біріне қарама-қарсы жандар. Жазушы абақтыдағы адамдардың бейнесін жасауда шеберлік көрсетеді. Олар: есік аузында бүкірейген өлімші жігіт, соқыр шал, жаралы кісі, қабаған иттер мен қатыгез қарауыл. Қарлағтағы тұтқындар – өмірден қиындық көрген, аштықтан қиналған әлсіз адамдар. Ал, күзетшілер тұтқындарды қинауға бейім қатыгез адамдар.

« – Ет! Ет! – десті әруейлер ыңырсып.

Ет! Енді күнде ет жейсіңдер! [3,42] – деп, қарқылдап күлді қарауылдардың бастығы.

Бұл эпизод – «Жалмауыздағы» тұтқындар мен қарауыл бастығының диалогі. Бұл үзінді арқылы жазықсыз айыпталған, аштықтан қиналып, адам етін жегендіктерін де аңғармаған тұтқындар мен адамдарды жәбірлеуге еш қиналмаған үстем тап өкілі арасындағы айырмашылықты көруге болады. Аштықтан қиналып, бостандықты аңсаған қалың көпшілік пен сол көпшілікті адам етін жеуге мәжбүр еткен өкіл. Әңгімеде тұтқындар қаншалықты дәрменсіз берілсе, қарауылдар соншалықты озбыр, қатыгез суреттеледі.

Жазушы кейде кейіпкерлерінің ішкі жан-дүниесін, мінез-құлқын көркем деталь арқылы береді. Мысалы, «Жалмауыз» әңгімесінде қос қасапшы адам жүрегіндегі «Алла» деген жазуды көреді. Жазушы көркем деталь арқылы шығарманың идеясын ашады. Ал, «Жарты қап кітап» әңгімесінде ақын қапшықтағы кітаптың біткенін көреді. Бұл ақын мен сазгердің әдеттегідей керуенсарайға баруына ешқандай себеп қалмағандығын аңғартады.

Қорытындылай келе, жас қаламгер Серік Сағынтай әңгімелерінде дәуір шындығы, әлеуметтік мәселер қозғалып, қазақ халқының ғасырлар бойы сақтап келген ұлттық танымы дәріптеледі. Жазушының кейіпкерлері – өз ортасынан шеттетілген, өмірден өз орнын таппаған, сөйте тұра асқақ арманға ұмтылған, жақсылықтан үмітін үзбеген жандар.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (Құрастырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев) Алматы: «Ана тілі», 1998. – 384 б.
2. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік: Сын мақалалар, портреттер, эссе. – Алматы: Жазушы, 1993. – 624 б.
3. Сағынтай С. Қарға: Әңгімелер. – Астана: Профи Медиа, 2011. –144 б.
4. Нұрғали Р. Арқау.2-том. – Алматы: Жазушы, 1991. – 576 б.

УДК: 821.512.122

СИМВОЛИЗМ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ МАГЖАНА ЖУМАБАЕВА

Зикирина Саягуль Дулатхановна

s.zikirina@mail.ru

Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева филологический факультет
«5В020500» - студентка специальности Филология: казахская филология,
Астана, Казахстан

Научный руководитель – д.ф.н., профессор Усен А.

Магжан Жумабаев — выдающийся казахский писатель, поэт, публицист. Его творчество прошло испытание временем. И даже через несколько десятилетий после того, как поэт был репрессирован, стихи, поэмы, прозаические произведения Магжана звучат свежо, актуально. Его поэзия даёт нам яркий образ самого Магжана — личности талантливой и многострадальной, личности, побеждённой последовавшими обстоятельствами времени, закончившимся так горестно и печально. Ведь не зря отметил Достоевский, что, зачастую символизм в произведениях автора это - прямая поэтическая сентенция самого автора.

Здесь надо остановить внимание на особенно важных для нас сейчас положениях: единство и целостность символики литературного произведения напрямую связаны с фигурой (образом) автора. В нашем случае Магжан Жумабаев является автором, который связал свою жизнь и творчество в необрывающийся узел. Стихи поэта подчас отражают важнейшие вехи в его многострадальной судьбе, способствуют уяснению особенностей его мирозерцания, воззренческого кредо. И даже несмотря на гонения, на создаваемые врагами «ужасогенные» обстоятельства, приведшие поэта к гибели, его не покидала вера в человека, в его добросозидающие потенции:

Я изнемог от темных дум